

Кафедра: Психиатрия

**Тақырыбы: Ми ісіктері мен инфекциялары
кезіндегі психикалық
бұзылыстар**

Тексерген:

Орындаған: .

Факультет: жалпы медицина

курс :

топ:

жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

- Ми инфекциялары кезіндегі психикалық бұзылыстар;

- Ми ісіктері кезіндегі психикалық бұзылыстар.


Қорытынды

кіріспе

Психикалық бұзылыстар арнайы миға әсер етуден не жалпылама инфекциялардың салдарынан да туындауы мүмкін. Алайда әрбір инфекцияның өзіне тән үдемелілігі, қатарласып жүретін интоксикациялық реакциялары (дене температурасының және қантамырларының өткізгіштігінің жоғарлауы, тіндікісінуі) және ауру үрдісіне ми қабаттары мен құрылымдарының қосарлануына қарай ерекшеленеді.

нейросифилис

Сифилиспен ауырған науқастарда психикалық бұзылыстар кеш (алған инфицирленгеннен кейін 4-15жыл) көрініс береді. Әдетте психикалық бұзылыстар туындағанда науқастар өздерінің бастарынан сифилиспен ауырғанын кеш есіне түсіреді. Сол себепті аурудан сауығу қиындық туындатады.



Ми сифилисі — ми қан тамырларының және ми қабаттарының зақымдануымен жүретін қабыну ауруы.

Алғашқы белгілері

- Шаршағыштық
- Тітіркенгіштік
- Есте сақтаудың төмендеуі
- Жыпылықтау симптомы
- Корсаков синдромы

Айқын сатысындағы белгілері

- Эпилепсия тәрізді ұстамалар
- Ұзаққа созылған депрессия
- Сандырақ –соңына түсу, қызғану
- Галлюцинация — есту, кінәлау

Неврологиялық симптомдар

- Ассиметриялық қозғалыс және сезіну
- Анизокория
- Қарашықтардың сәйкессіздігі

Үдемелі салдану — неврологиялық симптомдар мен интеллекттің айқын бұзылыстарымен көрінетін сифилистік менингоэнцефалит.

Алғашқы белгілері псевдоневрастения

- Тітіргенгіштік
- Шаршағыштық
- Жылағыштық
- Ұйқы бұзылыстары

Айқын белгілері

- Интеллекттің төмендеуі
- Есте сақтау, ойлаудың бұзылуы
- Маниакалды синдром
- Деменция, депрессия, паранодты белгілер

Неврологиялық симптомдар

- Аргайл- Робертсон
симптомы
- Жазу, сөйлеудің бұзылуы
- Маскалық бетбейне

житс кезіндегі психикалық бұзылыстар

Адамның иммундытапшылық вирусы тек лимфа түйіндеріне ғана емес сондай ақ жүйке тіндеріне де троптылығы бейім екені анықталған.

Науқастардың бұл ауру түріне шалдыққанын естіп, оны қабылдаудың өзі ауыр психикалық депрессияға алып келеді. Тіпті күмәндана бірнеше рет тексерілулер де жасап жататына мәлім. Ауру айқын және үдемелі негативтік симптомдармен көрініс береді.

Аурудың алғашқы белгілері

- Шаршағыштық
- Тершеңдік
- Ұйқы мен тәбеттің бұзылуы
- Депрессия
- Тұлғалық өзгерістер
- Тітіркенгіштік, ашушандылық

Аурудың айқындалғандағы белгілері

- Делирия
- Сананың қарауытуы
- Галлюциноз
- Жедел параноидты психоз
- Маниакалды аффект қозумен бірге

приондық аурулар

Бұл аурулар тобы 1983 ж. приондық ақуыздың ашылуымен ерекшеленген. Бұл ақуыз қалыпты жағдайда адам мен жануарларда 20 хромосоманың қысқа иығында кездеседі. Алайда бұл ақуыздардың ретсіз көбеюінен приондық аурулар туындайды. Бүгінде бұл аурудың 4 түрі адамда, 6 түрі жануарларда кездеседі. Егер приондық ақуыздар мутантталып өзгерсе инфекциялық аурулар тәрізді көрініс тудырады.

крейтцфельд-якоб ауруы

Крейтцфельд-Якоб ауруы приондық аурудың адамда кездесетін бір түрі. Крейтцфельд-Якоб ауруы – мишықтың, қыртыс асты ядроларының сұр затының және ми қыртысының үдемелі зақымдануымен жүретін қатерлі ауру.

Аурудың алғашқы белгілері

- Ұйқы мен тәбеттің бұзылуы
- Есте сақтаудың төмендеуі
- Бас ауыру, бас айналу және парестезия

Аурудың айқын белгілері

- Ми қызметінің бұзылыстарымен қатарласқан деменция
- Қозғалыстың бұзылуы(миоклония, атаксия, тремор, ұстамалар)

ми ісіктері кезіндегі психикалық бұзылыстар

Ми ісіктері кезінде алғашқы белгілері ретінде неврологиялық белгілер көрініс береді. Ми ісіктері кезіндегі психикалық бұзылыстар науқасқа ауруы туралы айтқанда депрессиямен басталады. Психикалық бұзылыстар көбінде ісіктің қай бөлікте орналасқанына байланысты. Жиі егер ісік маңдай бөлігінде, сүйелді денеде не самай бөліктің терең бөлімінде орналасса, алғаш болып неврологиялық емес психикалық бұзылыстар көрініс береді.



**Ми ісіктерінің
көріністері:**

- Жалпы милық
- Жергілікті

Жалпы милық:

- Бас-сүйектік қысымның жоғарлауы;
- Интоксикация

Жергілікті:

- Тітіркенгіш-тік (галлюцинация, тырысулар, ұстамалар)
- Төмендеулер (амнезия, афазия, апраксия, апатия, абулия, парез)

ДИАГНОСТИКА

Инфекциондық ауруларда:

- Серологиялық реакция
- Ми жұлын сұйықтығы
- Коллоидты реакциялар

Крейтцфельд-Якоб ауруы:

- Генетикалық тексеру
- Клиникалық белгілері

Ми ісіктерінде:

- КТ,МРТ,краниограмма,УЗИ
- Ми жұлын сұйықтығы, офтальмолог

емі

Мидың
инфекциялық
аурулары

- Нейролептиктер
- Транквилизаторлар
- Антидепрессанттар
- Антибиотиктер

Мидың ісіктік
аурулары

- Хирургиялық
- Паллиативті
- Нейролептик
- Транквилизатор

Қорытынды

Мидың инфекциялық және ісіктік аурулары кезінде науқасқа өте жіті көңіл бөлу керек. Себебі бұл науқастарда өзіндік бұзылыстармен қоса ауыруына деген одан жазылмаймын деген қауып пен үрей ауыр депрессияға ұштасып жатады. Қай ауырда болмасын өз уақытында, сауытты әрі білікті көмек көрсете білуіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жариков Н.М., Тюльпин Ю.Г.
Психиатрия
2. Ромасенко В.А. Скворцов К.А.
Нервно – психические нарушения при раке
3. www.meduniver.com